

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН
ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЗИЯТЫНДА
БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

**педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

АЛМАТЫ 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үрдісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Жалпы ережелер

«Инклюзивті білім беру жағдайында зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (ары қарай – Бағдарлама) оқу ісі жөніндегі басшының (директордың) орынбасарлары, жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдер, арнайы педагогтерге (олигофренопедагогтерге) (ары қарай – Тыңдаушылар) арналған біліктілікті арттыру курстарының оқу үдерісін реттейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстандағы әрбір оқушының сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуы үшін лайықты жағдай жасалуы тиіс екені атап өтілді. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы «зияткерлік дамуы, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігін» қамтамасыз ету қағидатына негізделген. Бұл ұлттық білім беру жүйесін білім алушылардың мүмкіндігінің әртүрлілігін ескере отырып дамытуға бағытталған ниетті айғақтайды.

Батыс Еуропа елдері (Швеция, Дания, Германия, Ұлыбритания, Нидерланд, Португалия, Хорватия, Финляндия және т.б.), АҚШ және алыс шетелдің өзге де елдері инклюзивті білім беруді өткен ғасырдың 70–80-жылдарынан бастап дамытып келеді. Әрбір ел инклюзивті білім беруді теориялық тұрғыдан түсіну мен оны іске асырудың бірнеше кезеңінен өтіп, өзіндік бірегей тәжірибе қалыптастырған. Жалпы алғанда сенсорлық бұзылыстары және зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерді сақтап қалып, мүмкіндіктері шектеулі балаларға жалпы білім беретін мектептерде өз алдына арнайы сыныптар ашу үрдісі байқалады. Сонымен қатар инклюзивті білім беру мен арнайы мектептердің қатар болуы білім беру жүйесінің икемділігін қамтамасыз ететін және ата-аналарға білім беру ұйымын таңдауға мүмкіндік беретін қажетті буындар ретінде қарастырылады. Көптеген елде арнайы мектептер салалық ғылыми-әдістемелік және ресурстық орталықтар қызметін атқарады. Ал олардың қызметкерлері инклюзивті білім беру саласында кеңесші мамандарға айналады.

Біздің еліміз инклюзивті білім беруді дамытудың бастапқы кезеңдерінен өтіп жатыр. Қазіргі уақытта зиятында бұзылысы бар балаларды тіпті ата-аналары баласын арнайы мектепте оқытуды қалағанына қарамастан, жаппай мектептің қарапайым сыныптарында, оқытуға байланысты «стихиялы», «мәжбүрлі» оқыту деп аталатын құбылыс орын алуда. Бұл бірқатар объективті себептермен түсіндіріледі, атап айтқанда: осы типтегі арнайы мектептерде

оқушы орындарының тапшылығы, олардың ел аумағында біркелкі орналаспауы және басқа да факторлар.

2021–2025 жылдары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне инклюзивті білім беруді дамыту мәселелері бойынша енгізілген өзгерістерге сәйкес білім беру ұйымдарында даму мүмкіндіктері шектеулі мектеп оқушыларына, оның ішінде зиятында бұзылысы бар оқушыларға арналған арнайы жағдайлар жасалып, психологиялық-педагогикалық қолдау жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар нақты айқындалған. Олардың қатарына: жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту, оқытудың вариативті, арнайы және баламалы әдістерін қолдану, жеке оқу материалдарын дайындау, оқу орнын бейімдеу, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жатады. Қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлар жасау үдерісіне мектеп әкімшілігі, мамандар (логопед, арнайы педагог, психолог), ата-аналар ғана емес, ең алдымен, орта білім беру деңгейіндегі педагогтер тартылады.

Сауалнама нәтижелерін талдау жалпы білім беру жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқыту және әлеуметтендіру мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға сұраныстың жоғары екенін көрсетті. Бұл бірқатар объективті факторлармен түсіндіріледі:

1) Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің білім беру үдерісіне ПМПК-ның жеке оқу бағдарламалары, жеке оқу жоспары және арнайы педагогтің (олигофренопедагогтің) психологиялық-педагогикалық қолдауына ұсынылған 10 000-ға жуық зиятында бұзылысы бар оқушының тартылуы;

2) жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінде зиятында бұзылысы бар балаларды оқытуға қатысты теориялық білім мен практикалық тәжірибенің болмауы, бұл жалпы білім беретін мектеп педагогтерін даярлаудың дәстүрлі жоғары оқу орны бағдарламаларының тек зиятының қалыпты жұмысы сақталған оқушыларды оқытуға бағдарлануымен байланысты;

3) зияты қалыпты және зиятында бұзылысы бар оқушылардың оқу материалын меңгеру мүмкіндігінде (көлемі, күрделілігі, қарқыны, нәтижелері бойынша) елеулі айырмашылықтардың болуы, бұл сыныптағы оқу үдерісін ұйымдастыруды қиындатады;

4) зиятында бұзылысы бар балаларды оқыту үдерісін ұйымдастыру мен әдістемесіне қатысты жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдар мен практикалық ұсынымдардың тапшылығы және басқа да факторлар.

Жоғарыда көрсетілген ситуациялық талдау деректері орта білім беру ұйымдары педагогтерін курстық даярлауға арналған таңдалған тақырыптың

өзектілігін айқындауға мүмкіндік береді.

Сауалнамаға қатысушылар тарапынан зиятында бұзылысы бар оқушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін сұранысқа ие әрі өзекті деп белгіленген кәсіби даму бағыттары осы Бағдарламаның мазмұнын құруда негізге алынды.

2. Глоссарий

Инклюзивті білім беру (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндігін ескеріп, барлық білім алушының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс».
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)».
Кемтар бала (балалар) (Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңы)	– «белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)».
Зиятының бұзылуы	– ми қыртысының диффузды сипаттағы органикалық зақымдануының салдарынан пайда болатын, танымдық қызмет пен эмоциялық-ерік саласының тұрақты, қайтымсыз бұзылысы.
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау».
Білім алу үшін арнаулы жағдайлар (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық

	қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар».
Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (ҚР «Білім туралы» Заңы)	«қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені».
Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет».
Командалық бағалау (Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы)	– «педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы».
Педагогикалық диагностика	– оқу үдерісін оңтайландыру, білім алушыларға сараланған көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен педагогикалық ықпал ету әдістерін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған бақылау және бағалау тәсілдерінің жиынтығы.
Жалпы білім беретін мектеп (ҚР «Білім туралы» Заңы)	- «білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы».

Оқу бағдарламасы (ҚР «Білім туралы» Заңы)	- «әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама».
Жеке оқу бағдарламасы (жиі қолданылатын анықтама)	– мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына бағдарланбаған, ПМПК ұсынымдары негізінде оқушының жеке мүмкіндіктері мен оның нақты жетістіктерін ескере отырып құрастырылған оқу бағдарламасы.
Арнайы оқу бағдарламалары	– «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленген және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен дамытуға бағытталған, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін есепке алатын бағдарламалар».
Оқыту (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі».
Оқу	– мұғалімнің жетекшілігімен білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған оқушының белсенді іс-әрекеті.
Сараланған тәсіл	– оқу материалын меңгеру мүмкіндіктері әртүрлі білім алушылардың топтарына сабақ барысында қолайлы жағдай жасап, қажетті көмекті көрсетуге бағытталған педагогтің кәсіби қызметі.
Жеке тәсіл (педагогиканың қағидаты)	– білім алушыны оның нақты жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға бағытталған көзқарас. Бұл тәсіл баланың даралығын ашуға ықпал етіп, оның ойлау үдерісі, есте сақтау мен зейіннің сипаты, бастамашылдық пен шығармашылығы арқылы байқалады, сондай-ақ жаңа оқу материалын меңгеру барысында әрбір оқушының

	қызығушылығы әртүрлі болып, өз білімін әрқилы қолдануынан көрініс табады.
--	---

3. Бағдарламаның тақырыбы

4. Бағдарламаның тақырыбы әрбір адамның кемсітусіз сапалы білім алу құқығын іске асырудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырудың өзектілігімен айқындалады. Бұл өзектілік Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына, сондай-ақ инклюзивті білім беру мәселелері бойынша қабылданған нормативтік құқықтық актілерге 2021–2025 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға негізделген.

Алғаш рет мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудағы «медициналық» және «әлеуметтік-педагогикалық» тәсілдердің мәні түсіндіріліп беріледі. Әлеуметтік-педагогикалық тәсіл мен жүйелі-әрекеттік тәсіл инклюзивті білім берудің әдіснамасы әрі даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды оқытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды қалыптастырудың негізі ретінде қарастырылады. Даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру үдерісін ұйымдастырудың «медициналық» моделінен «әлеуметтік-педагогикалық» моделіне көшу 2021–2025 жылдары Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуіне негіз болды. Нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістерге сәйкес Бағдарламаның мазмұнына инклюзивті білім беру ұғымы, нормативтік қамтамасыз етілуі мен әдіснамасы, зиятында бұзылысы бар оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы, білім алудың вариативті нысандарын талдау, зиятында бұзылысы бар оқушылардың білім алу нысандарының әрқайсысына арналған арнайы жағдайларды нақтылау енгізілді. Алғаш рет зиятында бұзылысы бар оқушыға арналған жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламаларын құрастыру технологиялары, педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен және оқушылардың ата-аналарымен командалық жұмыс жүргізу тәртібі қарастырылады. Жалпы білім беру жағдайында оқушыларды оқытуда арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану, жағымсыз мінез-құлықты еңсеру және әлеуметтік тұрғыдан құпталатын мінез-құлықты қалыптастыру үлгілері ұсынылады. Курстық даярлықтың практикалық бөлігінде жалпы білім беретін мектепте зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша нақты жағдайларды (тыңдаушылар мен лекторлардың жұмыс тәжірибесінен алынған) талқылау үшін шағын топтарда жұмыс жүргізу, нақты оқушылардың педагогикалық диагностика деректері негізінде жеке оқу бағдарламаларын құрастыруға арналған практикалық жұмыстар, жеке оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарының үлгілерін зерделеу, педагогикалық жағдаяттарды талдаудың командалық тәсілдерін пысықтау, оқушылардың жағымсыз мінез-

құлқымен жұмыс істеу әдістемелерін қолдану бойынша тренинг, сабақ талдауы және өзге де мәселелер қарастырылады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында (жалпы және арнайы сыныптарда) зиятында бұзылысы бар оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша тыңдаушыларды әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік білімдермен әрі дағдылармен қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды мектеп оқушыларының білім алуына арнайы жағдай жасау құқығын іске асыру мәселесі бойынша халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілердің мазмұнымен таныстыру;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері аясында зиятында бұзылысы бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБК) нақтылау;

3) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық түрде (педагогтер, мамандар, ата-аналар) бағалау алгоритмін және қажеттіліктерді бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқушыға педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу тәртібін ашып көрсету;

4) жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында, жалпы сыныпта және үйде оқыту жағдайында интеллектісі бұзылған оқушыларды оқытуға арнайы жағдай жасау тәртібін қарастыру;

5) зиятында бұзылысы бар оқушыларға арналған жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламаларын құрастыру тәртібі, оларды оқытудың қағидаттары, стратегиялары және арнайы әдістерімен, сондай-ақ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерімен таныстыру.

7. Күтілетін нәтижелер. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мектеп оқушыларының білім алуына арнайы жағдай жасау құқығын іске асыру мәселелері бойынша отандық нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін атайды;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері аясында зиятында бұзылысы бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттайды;

3) педагогтер мен мамандарға зиятында бұзылысы бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудағы командалық тәсілдің және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеудің тәртібін түсіндіреді;

4) жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында, жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында және үйде оқыту жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқытуға арналған арнайы жағдайларды құру тәртібін атайды;

5) жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламаларын құрастыру тәртібін түсіндіреді; зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқытудың қағидаттары, стратегиялары және арнайы әдістері, сондай-ақ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі туралы түсінік қалыптастырады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.

8. Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1. Нормативтік-құқықтық модуль;
2. Психологиялық-педагогикалық модуль;
3. Мазмұндық модуль;
4. Технологиялық модуль.

<p>1. Нормативтік-құқықтық модуль</p>	<p>1-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың кемсітусіз сапалы білім алу және жеке қолдау көрсетілетін арнайы оқу жағдайына құқығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамалық негіздер. Нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын шолу және талдау: БҰҰ-ның конвенциясы, 1994 жылғы Саламанка декларациясы және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңдары, Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) қызметінің үлгілік қағидалары, Арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары, Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттау қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 125 бұйрығы); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары және бағдарламалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығымен енгізілген редакциясымен бірге); Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің</p>
---------------------------------------	--

	<p>2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы).</p> <p>Даму мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының білім беру үдерісін ұйымдастырудағы медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдер (тәсілдер).</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудағы әлеуметтік-педагогикалық моделі (тәсілі) мен жүйелі-әрекеттік тәсілі – мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларын оқытуға арналған арнайы жағдайларды қалыптастыру мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады.</p>
<p>2. Психологиялық-педагогикалық модуль</p>	<p>2-тақырып. Зиятында бұзылысы бар мектеп оқушыларының клиникалық-психологиялық сипаттамасы.</p> <p>Аурулардың халықаралық жіктемесіне (АХЖ-10) сәйкес психометриялық зерттеулер негізінде зият бұзылысының (ақыл-ой кемістігінің) төрт түрі ажыратылады:</p> <p>жеңіл (IQ 40–69 аралығы), орташа (IQ 35–49 аралығы), ауыр (IQ 20–34 аралығы), терең (IQ 20-дан төмен).</p> <p>Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде белгіленген тәртіппен сараланған зиятының жеңіл және орташа бұзылыстары бар білім алушыларды оқытуға арнайы жағдай жасалады. Зиятында бұзылысы бар мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық-ерік салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуге арналған арнайы жағдайлар қамтамасыз етіледі.</p> <p>Оқыту мазмұны мен әдістерін таңдауда педагог оқушылардың психикалық дамуының төмендегі ерекшеліктерін ескереді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қабылдаудың (көру, есту) баяу қарқыны, жүйке үдерістерінің қозғалмалылығының төмендігі, қабылданатын материал көлемінің шектелуі. Қабылдаудың тарлығы мен шектеулілігі оқушылардың жағдайға, әсіресе бейтаныс ортаға бағдарлануын қиындатады. 2) ойлау әрекетінің артта қалуы мен икемсіздігі. Мектеп оқушылары өз білімдерін жаңа жағдайларда қолдана алмайды. Тапсырмаларды орындау

барысында олар бір ойлау әрекетінен екіншісіне ауысуда жиі қиындық көреді;

3) сөйлеудің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық бұзылыстары. Сөздік қорының аздығы, дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтаудың, айналасындағылардың сөйлеуін қабылдау және түсінудің қиындығы байқалады. Соның нәтижесінде жазу дағдыларының әртүрлі бұзылыстары, оқу техникасын меңгеруде қиындықтар туындайды.

4) эмоциялардың жеткілікті дамымауы, эмоциялық күйлердің тұрақсыздығы және сезімдік әсерлерінің болмауы. Ниеті мен ұмтылысы әлсіз, сенгіш, ерік-жігері төмен. Мұндай мектеп оқушылары ерік-жігерді талап етпейтін жолды таңдауға бейім;

5) тұлғаның қоршаған әлем туралы түсініктерінің шектеулілі, қызығушылығы, қажеттіліктері мен уәждері қарапайым. Бұл тұлғалық ерекшеліктер құрдастарымен және ересектермен өнімді, дұрыс қарым-қатынас орнатуды қиындатады.

3-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру мүмкіндіктеріне қарай педагогикалық жіктеу

Зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды оқу материалын меңгеру мүмкіндіктеріне қарай (В.В. Воронкова бойынша) 4 типологиялық топқа бөледі. Жіктеудің негізін оқуға қабілеттіліктің төмендегідей көрсеткіштері құрайды:

- 1) ойлау әрекетінің саналығы;
- 2) көмекті қабылдай білуі;
- 3) білімді жаңа жағдайларда қолдана алу дағдылары;

4) оқу тапсырмаларын орындаудағы дербестік.

1-топтағы білім алушылардың сипаттамасы: арнайы оқу бағдарламаларының мазмұнын табысты меңгереді. Өз бетінше жұмыс орындауға қабілетті. Өзгертілген тапсырмаларды орындау кезінде айтарлықтай қиындық көрмейді, көбіне жинақтаған тәжірибесін дұрыс пайдалана отырып, жаңа жұмысты орындай алады.

2-топтағы білім алушылардың сипаттамасы: негізінен арнайы оқу бағдарламаларының мазмұнын

	<p>түсінеді, көрнекі құралдарға сүйенуді қажет етеді, оқытылатын материалды жақсы есте сақтайды, алайда көмексіз қарапайым қорытындылар жасай алмайды, мұғалімнің ынталандыруына және ұйымдастырушы көмегіне мұқтаж.</p> <p>3-топтағы білім алушылардың сипаттамасы: арнайы оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгеруде айқын қиындықтарға тап болады, қосымша жеке түсіндіруді қажет етеді, оқу материалын баяу әрі үзік-үзік меңгереді, дербестік деңгейі төмен.</p> <p>4-топтағы білім алушылардың сипаттамасы: академиялық білімді меңгеруде елеулі қиындықтар көреді. Меңгерген білімдері тұрақты түрде бекітілмесе, тез ұмытылады. Жаттығуларды көп орындауды, оқытудың қосымша тәсілдерін енгізуді, жұмыстарды орындау барысында тұрақты бақылау мен бағыттаушы көмекті қажет етеді. Бұл топтағы әрбір оқушы үшін едәуір жеңілдетілген, жеке бағдарлама құрастырылады. Педагогикалық жіктеу негізінде сынып оқушыларына сараланған тәсіл қолданылады.</p>
<p>3. Мазмұндық модуль</p>	<p>4-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері – оқу үдерісінде көмек пен қызметке қажеттілік ретінде қарастырылады және әрбір оқушының оқу жетістігін қамтамасыз ету, сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістер арқылы жүзеге асырылады. Жалпы білім беретін мектепте оқитын зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларында төмендегідей ерекше білім беру қажеттіліктері туындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту; 2) оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту; 3) вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану; 4) оқулықтар мен оқу құралдарын іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау; 5) кедергісіз орта құру және орынды бейімдеу; 6) мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру

ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларына сәйкес жабдық пен жиһазды пайдалану;

7) ПМПК-ның қорытындысы мен ұсынымдары негізінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (психолог, арнайы педагог, логопед). Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін және арнайы мектептерде зиятында бұзылыстары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету (жағдайларды салыстырмалы талдау).

5-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын табысты оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау

Зиятында бұзылыстары бар балаларды оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының білім мазмұнындағы академиялық компонент пен өмірлік дағдылар компонентінің арақатынасын талдау.

Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын талдау. Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламалары мазмұнының практикалық және әлеуметтендіруші бағыттылығы, олардың ғылыми негіздемесі.

Қазақстан Республикасында зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқытуды ұйымдастыру формаларының сипаттамасы: арнайы мектептерде, арнайы сыныптарда, жалпы білім беретін мектептердің жалпы сыныптарында, үйде оқыту (денсаулық жағдайына байланысты ДҚК қорытындысы бойынша).

Мектеп ортасының жағдайларына қойылатын талаптар:

- педагогтердің әрбір оқушыны оның мүмкіндіктеріне қарамастан сөзсіз қабылдауы;
- білім беру үдерісінің барлық қатысушылары (әкімшілік, педагогтер, мамандар, мектеп оқушылары, оқушылардың ата-аналары, техникалық қызметкерлер) тарапынан төзімді мінез-құлық мәдениеті мен педагогикалық этиканы қамтамасыз ету;
- оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын айқындау, мұғалім тарапынан

	<p>жекелендірілген қолдау көрсету;</p> <ul style="list-style-type: none"> • оқушыны сабақтан тыс мектеп іс-шараларына, қосымша білім беруге қатыстыру; • оқушыны қолдауда отбасының әлеуетін пайдалану; • оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп ортасының уақыт және кеңістіктік жағдайларын түрлендіру. <p>Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқытудың арнайы жағдайларының сәйкестігін көрсететін көрсеткіштер: оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына оң көзқарасы; жеке бағдарламалар шеңберіндегі академиялық жетістік; оқушының әлеуметтік бейімделуі (әртүрлі өмірлік жағдайларда мінез-құлық ережелерін сақтау, достарының болуы, хоббиі, қызығушылықтары бойынша сыныптан тыс сабақтарға қатысу және т.б.), өзін-өзі оң бағалау.</p> <p>Ерекше қажеттіліктері бар мектеп оқушыларын оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша әкімшілік пен педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) мектептегі ағымдағы жағдайды талдау және бағалау; 2) білім беру үдерісі қатысушыларының қызметін айқындау; 3) психологиялық-педагогикалық қолдаудың жергілікті нормативтік негізін құру; 4) мектептің педагогикалық ұжымын кәсіби даярлау; 5) мектеп қауымдастығын даярлау; 6) одақтастар мен әлеуметтік әріптестерді іздеу. <p>Жалпы білім беретін мектепте зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы сыныптарды ұйымдастыру және олардың қызметін жүзеге асыру тәртібі. Үйде оқыту. Нормативтік қамтамасыз ету.</p>
<p>4. Технологиялық модуль</p>	<p>6-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бағыттарын айқындау</p> <p>Зиятында бұзылыстары бар оқушының қажеттіліктерін командалық бағалау. Оқушының</p>

	<p>ерекше білім беру қажеттіліктерін және оның психологиялық-педагогикалық қолдауын бағалау алгоритмі («12 қадам»). Бағалау материалдарының, әдістемелердің, құжаттаманың жалпы сипаттамасы. Мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін, сондай-ақ оқудағы және әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудағы қиындықтарын анықтауға арналған педагогикалық диагностиканың қағидаттары мен әдістері.</p> <p>Сынып мұғалімі мен арнайы педагогтің (олигофренопедагогтың) оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін бағалауға арналған құралдары мен бағалау рәсімі. Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламасын әзірлеу тәртібі. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны. Мамандардың дамыту бағытындағы жұмысының негізгі бағыттары.</p> <p>Оқушыны мектепте және үйде оқыту мен тәрбиелеуде оның күшті жақтарын, ресурстарын, қызығушылықтарын, сондай-ақ психологиялық, дене және өзге де ерекшеліктерін ескеру. Мұғалім, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандары мен ата-аналар арасында оқушыға көрсетілетін көмектің көлемі мен мазмұнын бөлу. Оқушыны сүйемелдеу командасының мүшелерінің өзара ынтымақтастығы. Жұмыс құжаттамасы.</p>
	<p>7-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларына арналған жеке оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарын құрастыру тәртібі</p> <p>Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушысына арналған жеке оқу бағдарламасы мен жеке оқу жоспарын құрастыру тәртібі. Жеке оқу бағдарламаларын әзірлеудің негізгі қағидаттары: командалық тәсіл, тереңдетілген педагогикалық диагностика көмегімен дамудың өзекті деңгейін және жақын даму аймағын айқындау, сақталған және бұзылған функцияларды ескеру және т.б. Бағдарламалардың құрылымы. «Нәтижеге бағдарланған білім беру» парадигмасы аясында бағдарламаларды құрастыру тәртібі. Критериалды деңгейлік мақсат қою, мақсаттарды нақтылау,</p>

мақсаттардың жүзеге асуына мониторинг жүргізу.
Бағдарламаларды түзету.

8-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқыту стратегиялары мен әдістері.

Оқу жетістіктерін бағалау

Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқытудың арнайы педагогикалық қағидаттары. Оқытудың негізгі стратегиялары: «шағын қадамдар», баяу қарқын, оқу материалын егжей-тегжейлі беру, меңгерілгенді үздіксіз қайталау, түрлі талдағыштарға сүйену, оқушылардың заттық-практикалық әрекетін ұйымдастыру, «алға оза оқыту», «жағдаяттық оқыту», тез шаршағыштықты ескеру. Сөздік, көрнекі, практикалық әдістерді қолданудың ерекшеліктері.

Оқытуды жекелендіру, арнайы сыныптағы сабақ барысында сараланған тәсілді қолдану. Оқушылардың мүмкіндіктерінің әркелкілігі (сызықтық емес құрылым) мен тез шаршағыштығын ескере отырып, сабақ пен оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Зиятының бұзылыстары бар мектеп оқушыларының оқу үдерісін көрнекі-дидактикалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Зиятының бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) пайдаланудың ерекшеліктері.

Зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды оқытуда олардың жетістіктерін бағалаудың қағидаттары, әдістері мен рәсімдері. Оқушылардың мүмкіндіктері мен жеке бағдарламаның мазмұнын ескере отырып, бақылау тапсырмаларын және оларға арналған нұсқаулықтарды әзірлеу. Бақылау жұмыстарын өткізу үшін арнайы жағдайлар жасау. Педагогтің рефлексиялық қызметі. Өзінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мақсатында «Lesson Study», Action Research әдістерін қолдану.

9-тақырып. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқының себептері мен көріністері

Оқушыларда жағымсыз мінез-құлықтың көріністері:

1. баланың сабақтағы мінез-құлық ережелерін орындай алмауы: партада отыра алмауы, орнынан тұрып кетуі, сынып ішінде жүруі; мұғалім

	<p>талаптарын орындамауы;</p> <p>2. мұғалімнің фронтальды нұсқаулықтарын және ауызша түсіндірулерін қабылдауда немесе түсінуде қиындықтардың болуы;</p> <p>3. сабақ барысында өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылаудың қиындығы: білім алушы сабаққа өздігінен дайындала алмайды, ересектің көмегінсіз сынып жұмысына қосылмайды, сыныптық тапсырмаларды орындамайды;</p> <p>4. мінез-құлықтық және эмоциялық бұзылыстар: оқушы дауыстап сөйлейді, себепсіз күледі, айқайлайды, жылайды, басқа балалардың назарын аударады және сыныптың / топтың жұмысына кедергі келтіреді; өзіне-өзі агрессия және / немесе сыныптастарына, педагогтерге, басқа адамдарға қатысты агрессия көрсетеді (ұрады, тістейді, заттарды лақтырады және т.б.).</p> <p>Педагог-ассистент қызметінің мақсаты мен міндеттері. Педагог-ассистент қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.</p> <p>10-тақырып. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістері.</p> <p>Жағымсыз мінез-құлықты түзету кезеңдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - талдау мен түзетуді қажет ететін проблемалық мінез-құлықты таңдау; - проблемалық мінез-құлықты нақты сипаттау; - проблемалық мінез-құлықтың функционалды бағалануы; - мінез-құлықты түзету жоспарын әзірлеу және іске асыру; - мониторинг жүргізу; - қолдау көрсетілетін мінез-құлықты генерализациялау (жалпылау); - жоспарға өзгерістер енгізу немесе бағдарламаны аяқтау. <p>Алдын алу әдістемелері. Мінез-құлық салдарын өзгерту әдістері. Балама мінез-құлықты қалыптастыру әдістері. Педагог-ассистенттің функциялары, оның білім беру процесінің қатысушыларымен өзара әрекеттестігі. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын реттеу мен еңсерудегі мұғалімнің рөлі.</p>
--	---

6. Оқу үрдісін ұйымдастыру

9. Біліктілікті арттыру курстары мынадай режимде ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқыту – Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) негізінде жүргізіледі. Оқытудың жалпы көлемі – 80 сағат. Бір апталық форматтағы күндізгі оқыту ұйымдастырылған жағдайда, ОТЖ-дағы сағат саны екі есе қысқартылады, ал тақырыптар мен сабақ өткізу формалары өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар негізінде жүзеге асырылады және екі кезеңнен тұрады: қашықтан оқыту – 56 сағат; күндізгі оқыту – 24 сағат.

10. Білім беру процесінде төмендегідей оқыту әдістері қолданылады: дәріс, семинар, өзіндік жұмыс (нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс, оқушылардың педагогикалық сипаттамаларын және бақылау хаттамаларын әзірлеу), өз тәжірибесіндегі проблемалық мәселелерді талқылауға арналған топтық практикалық жұмыстар; оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін, оқушыларға арналған бақылау тапсырмаларын бейімдеу, сондай-ақ оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістерін таңдауға бағытталған топтық тренингтер; диагностикалық оқу тапсырмаларын іріктеу және тереңдетілген педагогикалық диагностика жүргізу рәсімдері бойынша мастер-класс; кейс-әдіс, дөңгелек үстел.

11. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын терең түсіну деңгейін арттыру мақсатында: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру; теорияның негізгі мәселелері мен кейс-стадилерді шағын топтарда талқылап, ұжымдық жұмыстарды таныстыру; оқушыларды бақылау хаттамалары мен мінездемелерін талдау; мұғалімдердің командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренингтерді өткізу, кейінгі талқылау және рефлексия жасау.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

12. Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрамына:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін және бақылау материалдарын бейімдеу үдерісін талдауға арналған, білім беру тәжірибесінен алынған нақты мысалдар көрсетілген үлестірмелі материалдар;

3) оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге арналған жұмыс құжаттарының жинағы;

4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту үдерісін реттейтін бейімделген оқу бағдарламаларының, оқу тапсырмаларының, сондай-ақ жергілікті нормативтік құқықтық актілердің үлгілері;

5) сауалнама парақтары, өзіндік жұмыстарды орындауға арналған материалдар мен нұсқаулықтар, сондай-ақ қорытынды бақылау тапсырмалары;

б) мәтіндер, әдеби дереккөздерден алынған үзінділер, дидактикалық материалдар түріндегі ресурстық материалдар; соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, оқушылардың қалаусыз мінез-құлқын еңсеру бойынша әдістемелік ұсынымдар кіреді.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

13. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету мақсатында қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар), практикалық тапсырмаларды орындау, педагогикалық жағдаяттарды шешу, педагогикалық құжаттамамен жұмыс жасау түрінде жүзеге асырылады. Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар (әр тақырып бойынша негізгі сұрақтар), практикалық тапсырмаларды орындау жөніндегі ұсынымдар, құжаттаманы толтыру үлгілері біліктілікті арттыруға арналған білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық форматта және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі. Лектор тыңдаушылардың тапсырмаларды орындауын кестеге сәйкес бақылап, жұмыс сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс жасайды.

Әрбір тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап алып, қорытынды бақылау жүргізіледі. Бұл курс барысында алынған ақпаратты түсіну деңгейін және терминологияны дұрыс қолдануын бақылауға мүмкіндік береді. Оқыту жетістіктерін қорытынды бағалау мақсатында әрбір модульдің тақырыбына сәйкес 2 сұрақтан тұратын ашық сұрақтар банкі әзірленген. Өзін-өзі тексеру үшін әрбір сұрақтың үлгілік жауабы беріледі. Жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады: қате жауап – 0 балл; толық емес жауап – 1 балл; – дұрыс әрі толық жауап – 2 балл. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50 %) жинаған жағдайда есепке алынады.

9. Курстан кейінгі қолдау

14. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау формалары:

1) педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке даму траекториясының жоспарын әзірлеу (курстың соңғы күні «Педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке траекторияны жоспарлау жөніндегі іс-шаралар тізбесі» негізінде құрастырылады және лектормен келісіліп бекітіледі);

2) курс барысында алынған ақпаратты өз тәжірибесіне енгізу нәтижелерін таныстыруға арналған вебинарлар;

- 3) жеке және топтық онлайн-консультациялар;
- 4) ашық сабақтарға қатысу;
- 5) өз педагогикалық практикасына енгізілген өзгерістердің, сабақ зерттеудің нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау үшін Zoom платформасы, электрондық пошта, мобильді байланыс және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарланады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1 Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек.

2 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3 «Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы (01.01.2024 ж. бастап күшіне енген).

4 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

5 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы.

6 Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы

7 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы

8 Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы

9 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» № 145 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 47 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

10 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

11 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

12. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы.

13 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 06 мамырдағы № 104 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

14 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

15 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 Бұйрығы

16 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 Бұйрығы.

17 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 29 мамырдағы № 127 және 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 356 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

18 14 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге

19 «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге

20 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 қазандағы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен бірге.

21 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 39 бұйрығының редакциясында енгізілген өзгерістермен бірге.

22 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 39 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясымен бірге.

23 «Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясымен бірге.

24 Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе: книга для учителя /под ред.) В.В. Воронковой. – М.: Школа-Пресс,1994. – 365 с.

25 Егорова, Е.В. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: метод. рекомендации/ Е.В.Егорова, Ж.Б. Аханова, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 42 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

26 Егорова, Е.В. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод. рекомендации/ Е.В. Егорова, Н.В. Сергеева, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

27 Елисеева, И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ И.Г. Елисеева. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 62 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

«Инклюзивті білім беру жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері» атты педагогтердің біліктілігін арттыру –курстарының білім беру бағдарламасына

1-қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Шеберлік сабақтары	ПДТ	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4	4							8
1.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың кемсітусіз сапалы білім алуға және жеке қажеттіліктеріне бейімделген қолдауы бар арнайы жағдайларға (инклюзивті білім беру) құқығы саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамалық база	4	4							8
2	Психологиялық-педагогиялық модуль	8	8							16
2.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының сипаттамасы	4	4							8
2.2	Зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды үлгілік бағдарламаларын меңгеру мүмкіндіктеріне	4	4							8

	қарай педагогикалық жіктеу								
3	Мазмұндық модуль	8	4	4					16
3.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	4		4					8
3.2	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының табысты білім алуына арнайы жағдайлар жасау	4	4						8
4	Технологиялық модуль	16	8	12	4				40
4.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын айқындау	4		4					8
4.2	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушысына арналған жеке оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарын құрастыру тәртібі	4	4	4					12
4.3	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқыту стратегиялары мен әдістері. Мектеп	4	4		4				12

	оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау									
4.4	Оқушылардың қалаусыз мінез-құлқының себептері мен көріністері	4								4
4.5	Оқушылардың қалаусыз мінез-құлқын еңсеру әдістері			4						4
Барлығы:		36	24	16	4					80

Ескерту: 1 академикалық сағат – 45 минут.

«Инклюзивті білім беру жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына

2-қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Қашықтан оқу 56 сағ.				Күндізгі оқу 24 сағ.				Барлығы
		Дәріс	Вебинар	Онлайн-форум	Өзіндік жұмыс	Практ. сабақ	Дөңгелек үстел	Тренинг	Сынақ жұмыстары	
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4				4				8
1.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың кемсітусіз сапалы білім алуға және жеке қажеттіліктеріне бейімделген қолдауы бар арнайы жағдайларға (инклюзивті білім беру) құқығы саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамалық база	4				4				8
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	16								16
2.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп	8								8

	оқушыларының клиникалық- психологиялық сипаттамасы								
2.2	Зиятында бұзылыстары бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру мүмкіндіктеріне қарай оқушыларды педагогикалық жіктеу	8							8
3	Мазмұндық модуль	8							8
3.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	4							4
3.2	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының табысты білім алуына арналған арнайы жағдайлар жасау	4							4
4	Технологиялық модуль	28				16		4	48
4.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының оқуындағы қиындықтарды және оларды туындататын себептерді анықтау, сондай-ақ психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын айқындау тәртібі	4				4			8
4.2	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушысына арналған жеке оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарын құрастыру тәртібі	8				4			12
4.3	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқыту стратегиялары мен әдістері. Мектеп	8				4			12

	оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау.								
4.4	Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқының себептері мен көріністері.	4			4				8
4.5	Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістері	4					4		8
Барлығы:		56			20		4		80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.